

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 қазан N 1534

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Арыс аудандық аумақтық басқармасы мемлекеттік мекемесі таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жоғарыда аталған мемлекеттік мекеменің таратылуын жүзеге асырсын.

3. Мынадай мемлекеттік мекемелер - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық органдары аталған министрліктің аумақтық органдарының штат санының бекітілген лимиті шегінде құрылсын:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қапшағай қалалық аумақтық басқармасы;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Приозерск қалалық аумақтық басқармасы.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құрылған мемлекеттік мекемелердің құрылтайшы құжаттарын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын.

5. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйесінде мемлекеттік мекемелер құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қыркүйектегі N 1451 P991451_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы:

реттік нөмірі 194-жол алынып тасталсын;

"Алматы облысы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 41-1-жолмен толықтырылсын:

"41-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қапшағай қалалық аумақтық басқармасы";

"Қарағанды облысы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 126-1-жолмен толықтырылсын:

"126-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Приозерск қалалық аумақтық басқармасы".

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК